

Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы 52 сессиясының № 541 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 наурызда № 3732 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 189 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 189 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
Мәслихат хатшысы*

Р. Бекбанов

Саран қалалық мәслихатының
2016 жылғы 19 ақпандағы
№ 541 шешімімен бекітілген

Саран қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 15.08.2019 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1.1
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1.5

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0.39
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0.92
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0.36
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0.95
6	Емханалар	1 келіп кету	0.01
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0.91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0.17
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0.90
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0.14
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	0.09
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0.04
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0.11
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0.86
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	3.13
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	0.35
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0.20
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0.11
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м ²	0.07

20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м ²	0.25
21	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м ²	0.03
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м ²	0.22
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1.27
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0.93
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0.53
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1.21
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м ²	0.23
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м ²	0.28
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	1.60
30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м ²	0.13
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0.22
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	3.39

* Ескерту: м2 – шаршы метр, м3- текше метр